



Егемен Қазақстан



Egemen.kz

Соғысқа кеткен сәйгүліктер

1941 жылы басталған соғыс салмағы майданға аттанған азаматтар мен олардың отбасына ғана түскен жоқ, өндіріс пен ауыл шаруашылығы, өзге де салалық кәсіпорындар майданға қызмет етуге жұмылдырылды. Бүкіл ел аяғынан тік тұрды. Бұғанасы қатпаған бүлдіршін мен еңкейген қарттарға дейін еңбек майданынан табылды. Тіпті, халықтың рухын көтеру мақсатында өнер мен әдебиет саласында да екпінді үн, өршіл леп қалыптасты. Өнерпаздардың майдан даласына барып концерт беруі, Жамбыл ақынның «Ленинградтық өренім» деп жауынгерлерді қайрай түсуі, сондай-ақ қазақ ғалымдарының сонау Маңғыстаудан қарт жырау Мұрын Сенгірбекұлын Алматыға шақыртып, әйгілі «Қырымның қырық батыры» эпостық жырын қағазға түсіруі секілді рухани бағыттағы істер осы бастамалардың жемісі болатын. Сол аласапыран зұлматты тойтарып, Жеңісті жақындатуға қазақтың құтты даласы қосқан үлес пен күш ересен. Азық-түлік, жылы киім-кешекпен бірге соғысқа қажетті жабдықтар эшелондармен үздіксіз тасылып жатты. Ондай эшелондардың бірқатарындағы платформаларда майданға қарай жалы желбіреп қазақтың адай жылқылары да аттанғанын біреу білсе, біреу білмейді.

Адай жылқысы жылқы баласының бергінде әртүрлі селекциялық жұмыстар нәтижесінде алынған тек пен түр, тұқымдық жемісі емес, ұзақ жылдар бойы қатал табиғаттың сұрыптауынан өтіп, адамзаттың шапса қанатына, ашықса тағамына жарап, ел мен жерді қорғауда сенімді серігіне айналған табиғи тұқым. Сол секілді оның атауы да белгілі бір ел-жұрттың атын кешелі-бүгін иемдене салған жоқ. Ол да XIX-XX ғасырлардағы талай шетелдік зерттеушілердің қаламына солай ілігіп, тарихи құжаттарға осылай еніп тарихи қалыптасқан атау. Насихатталу тұрғысынан олқылық болғанмен, адай жылқысының суыққа, жүріске төзімділігі, жүйріктігі, күш-жігері және шөбі ащы, жері сортаң құрғақ даланың табиғатына шыдамды қасиеті көпке мәлім. Тіпті, патшалық Ресейдің жер-көкті шалған жиһанкездері мен жер шолып, ел жаулауды мақсат еткен шабарман-шенділерінің адай жылқысына «қаны қатып» көңілі түскендігінен бірер мысал келтіре кетейік. Еуропа елдеріне ашыл ған қақпа сынды Форт (Кетік) даласына келген-кеткен олардың ерікті-еріксіз түрде тұлпарды тақымына басып, өз мақсатмұрат тары жолында пайдаланбаған кездері кемде-кем.

1873 жылы Хиуа жорығын сәтті аяқтап дәндеген патша үкіметі түрікмен халқын отарлау үшін «Ақалтеке» жорығын жасап, жолда тағы қазақ даласына ерулейді. Хиуалықтармен қазақтардың арасындағы бітіспейтін дау-жанжал, барымта-қарымтаны ұтымды пайдаланған орыстар өз мақсаттары үшін жолдан Маңғыстау қазақтарын жалдап, «милиция» деген атаумен 150 жігіттен құралған қосын құрады. Шөлден су тауып, жолсыздан адастырмай діттеген жеріне жеткізген қазақ жігіттері мен тұлпарлары туралы түрікмен жерін бағындыру үшін шерулетіп Маңғыстау даласына келген Кубань армиясындағы казактар полкының 5-ші жүздігінің командирі М.Арнольди маңызды естелік қалдырған. 100 шақырым жерді су ішпей-ақ жүріп өтетін және өңкей жусанға жайылғанның өзінде жадап жүдемейтін жылқы тұқымы туралы айта келіп, бұл жорықта біраз жылқысын сол адай жылқыларына айырбастап алады. Ал орыс әскерінің қылқұйрықтарын жергілікті қазақтар тек сою үшін ғана алады. Қызыл Арбатта жеңіліс тапқан орыс әскерікері шегінеді, сол жолы олардың жылқыларының көбісі жүріске де, мініске де жарамай діңкелесе, адай жылқылары 1776 шақырым жолды міні құрамай жүріп келіп қайран қалдырады. «Жығылған күреске тоймас» дегендей, көліктерін түгелдей адай жылқыларына алмастырған патша әскері екінші рет жорыққа аттанғанмен, тағы жолы болмай оралады. Үшінші рет, жасағындағы адай жігіттерінен құралған жалдамалы топты 500 адамға жеткізіп, қайта аттанған патша әскерлері жеңіске жетіп, 1881 жылы түрікмендердің мықты қамалы Көктөбені алып тынады. Міне, сөйтіп бас көтертпей салық салып, оны төлемесе жайылым жазықтықтан қағып, шығынға ұшыратқан Хиуа хандығы, қала берді қиқулап келіп әлсін-әлсін жазықсыз ауылдарды шауып, отарды ойрандайтын түрікмен елімен арадағы түсініспеушілік жағаласқан екі бауырлас елдің үшінші алып мемлекеттің аузына бірге түсуіне сеп болып, мықты жұрттың өз ішкі есебін түгендеуі үшін жүргізген жымысқы саясатына бірге жем болуға әкеп соқтырады. «Ағайын ала болса, ауыздағы кетеді» деген осы болса керек...

Аталмыш жылқының қадір-қасиеті туралы 1899 жылы ғалым Я. Полферов Ресейден шығатын «Конезаводство» журналындағы «Лучшие породы киргизской лошади – адай» атты мақаласы аталмыш жылқы тұқымын өзге елдерге танытудың алды болды. Оның өзіндік ерекшеліктері, тұқым-тегі, бітім-болмысын А.К.Росляков, И.Нечаев, А.Вилькинс, И.Н.Чашкин, Ю.Н.Барминцев, Б.Садықов, А.Иманғалиев сынды зерттеушілер жақсы көрсетіп жазды.

Осылайша XIX ғасырдың екінші жартысында-ақ жорықтағы жойқын жүрісі, ерен күш-қайратымен ресейліктердің ықыласты назарына іліккен адай жылқысы 1941 жылы басталған екінші дүниежүзілік соғыс кезінде де «көңілден де, көкейден де кетпегенін» аңғартты. Майданға күш-көлік ретінде осы жануарларды алу қажеттігі туындап, Маңғыстаудың кең даласында асау жылқыларға құрық салу дүрбелеңі басталған. Біреудің үстіне шаң қондырмай баптап ұстаған жүйрігін, енді біреудің көзден таса қылмай отырған тұлпар туар биесін, біреудің желмен жарысқан адуынды айғырын, еркелігі мен ерекшелігі сөзге ілінген бұла байтал, тай-жабағыларын иелерінің көз жасын көл ете жүріп, Гурьевке айдап, одан әрі лек-легімен вагондармен майданға аттандырған. Азаматынан бір, жылқысынан екі айырылған қалың ел қасірет құшағында қан жұтып қала берген...

Маңғыстаудан алдымен айдалған 480 бас жылқы, барлық алынған 3000-ға жуық қылқұйрық қай майдан даласына тарыдай шашырады? Қайсысы қандай жұмыстарға жегілді? Араларында ерекшелігімен көзге түсіп, мадақ-марапатқа ие болғандары бар ма? Соғыста нешеуі оққа ұшып, нешеуі аман-сау қалды. Одан кейінгі тағдырлары нешік? Оның бәрі соғыста хабарсыз кеткен жауынгерлердей әлі белгісіз күйде... Тек, адай жылқыларының ол жақта да абыройын аласартпағанының айғағы – генерал Д.И.Городовиковтың аталмыш жылқылардың қадірі мен қасиетін жоғары бағалап, Маңғыстау тұрғындарына ризашылықпен хат жолдауы. Соғыста Кабардин-Балкар елінде, Нальчик қаласында зеңбірек сүйрейтін аттарға күтуші болған маңғыстаулық азаматтың адай жылқыларын көріп, оларды әскерилердің ұзын арқанмен нокталап, қамшымен төпелей ұрып жуасытқанына көңілі толмай, ауыздықты жүгенмен бас білдіріп, қазақы

дағдымен жуасытып берген естелігі бар. Бұдан айтпағымыз, бүгінгі кабардин жылқысы деген атаумен аузына құс тістеп, бүкіл бір елдің атағын аспандатып, абыройын асырған мақтаулы жүйріктер соғыстан тірі қалған, түрікмен елін жаулау кезінде патшалы Ресейдің әскерлері мініп кеткен адай жылқыларының ұрпақтары немесе олармен қан араластыру арқылы алынған тұқымдар емес пе екен деген ой туындайды. Бұл ой жатса-тұрса жылқы, оның ішінде адай жылқысының қамын күйттеп, өткенін түгендеп, болашағын ойлаумен кеткен марқұм Сәбит Әбішұлы ағамыздың, өзге де ат жаратып, жүйрік баптаған сейістердің немесе жылқы саласына ден қойған мамандардың кеуде түкпірінде жатқан арман-ой... Иә, жүріске шыдамай, адай жылқыларына айырбасталып, жергілікті халықтың қуырдағына айналған кабардин жылқыларының шамасы Хиуаға жорық кезінде белгілі болды емес пе?..

1943 жылы одақтық деңгейде мемлекеттік Гурьев асыл тұқымды адай жылқысын өсіретін мекеме ұымдасады да, аталмыш «Госплемрассадник» тізгіні тікелей Мәскеуге, Кеңес Одағының маршалы С.М.Буденныйдың қарамағына беріледі. 13 жыл жұмыс жасап, жылқының қадірқасиетін білетін білікті басшылар мен білімді ғалымдардың назары ауған аталмыш мекеме адай жылқысының дамуына, ғылыми негізделуіне, өткен-кеткен тарихын зерделеуге қатысты біраз шаруаның басын қайырған сәтті жұмыстардың ұйытқысы бола алған.

– Госплемрассадниктің қызметтік орны шын мәнінде сол кезеңдегі Маңғыстау түбегіндегі екі аудан үшін ауыл шаруашылығы, оның ішінде жылқы, түйе мәселесімен атбасын тірейтін, сондай-ақ күн тәртібіндегі келелі істің тұздығын әзірлейтін негізгі орынға айналды. 1956 жылы өз қызметін амалсыз тоқтатқан аталмыш мекеме адай жылқысының асылдануы мен өсіп-өркен жаюына, жылқы бақташылары мен мал мамандарының тәжірибе жинақтап қалыптасуына кәдімгідей мұрындық және айтарлықтай қозғаушы күш бола білді. Не заманнан бері ата-баба жолымен ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жалғасқан маңғыстаулық жылқы өсірудің сан қырлы әдістемелері тек қана табиғи іріктеу, сұрыптаумен шектелмей сәтіне қарай адамның ақыл-ойымен жетіскен ғылымға келіп ұштасты. Орал, Атырау тәжірибе стансаларына таңдаулы адай жылқылары топтас тырылып, оларды жоғарыда айтылған таза қанды ағылшын және араб жылқыларымен салыстыра сынақтан өткізу, одақтық және облысаралық жиі-жиі көрмелер ұйымдастыру күн тәртібінің қалыпты ша раларының біріне айналды, – деп жазады «Тұлпардың тұяғымен өрілген тарих» атты еңбегінде ауыл шаруашылығы саласының білікті маманы, ұзақ жылдар осы салада басшылық қызметте болып, асыл тұқымды мал шаруашылығы ассоциациясын басқарған, адай жылқысын зерттеп-зерделеуде орасан тер төккен Сәбит Әбішұлы.

Кейін үзіліп қалған үрдіс біраз жылдар бойғы үнсіздіктен кейін 2011 жылы жалғасын тапты. Бұл жылы сол кездегі Маңғыстау облысының әкімі Қ.Көшербаевтың қол дауымен, Қазақстан Республикасы Ат спорты федерациясының вице-президенті С.Буйкевичтің директорлығымен адай жылқылары мемлекеттік сынақтан өтіп, алыс қашықтыққа шабудан бақ сынады.

Бәйгеге қосылған 37 аттың 23-і 90 шақырымдық жерді сыр бермей шауып өтіп, алыс қашықтықты игеруге мүмкіндігі бар екендігін дәлелдеді. Сәтті өткен сайыс аламан додаларға, әлемдік талап деңгейіндегі жарыстарға жол ашты. Бір айдан соң Алматыда өткен Азия ойындары чемпионатындағы Қазақстан халықтары ІІІ спартакиадасында адай жылқылары 90 шақырым қашықтықта бірінші, екінші, үшінші орындарды иеленді және іріктеліп шыққан Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан тұлпарларымен алаңда тоғысты. Өзге аттар бір сағатта 12 шақырым, ал Маңғыстаудан барған жылқылар осы уақыт мерзімінде 17 шақырым шауып өтіп, абырой биігінен көрінді, тағы да үш бірдей медальды өзара иеленіп қайтты. Сол жылы шыжыған шілдеде Ресейде өткен ТМД елдері Кубогы сайысында адай жылқылары кубоктың оның алдындағы жылғы иегері Ресейдің өзін артты қалдырып, жүлдені Қазақстанға алып оралды. Сол жылы күзде Норвегия, Польша, БАӘ, Мәскеуден халықаралық дәрежедегі төрешілер мен мал дәрігерлерінің арнайы келіп

қатысуымен Кендірліде өткен 120 және 80 шақырымдық жарыстарда да адай жылқылары үмітті ақтап, күткен биіктен көрінді. 2012 жылы Ақтауда болған 120-80 шақырымдық сайыстарда аталмыш жылқылар барлық жүлдені Маңғыстауда қалдырды. Халықаралық сарапшылар бұл жануарлардың мүмкіндігін жоғары бағалап, таңданыстарын жасырмай аттанды, шабандоздардың шеберлігі жетіспей жатқан тұстарды да жасырмай айтып, олқылықтардың орнын толтыруға кеңес берді. Қазақстанның Көк байрағын желбіретіп, елімізді алысқа танытар аламанлар алда болар деп ойлаймыз. Бірақ, Көк байрақты көкке көтерген спортшыларымызға бөлінетін көңіл мен көрсетілетін құрмет тұяғының желі бар, өзгелер таңдай қаға тәнті болған жылқыларымызға көрсетілмей келеді.

Қазақ хандығының 550 жылдығы, Жеңіс мерекесінің 70 жылдығы тойланар күн алыс емес және бұл мерекелерге арналған дайындық жұмыстары мен бірқатар үлкендікішілі шаралар басталып та кетті. Тарихы ел тарихымен қабыса астасқан, тамыры тереңдегі адай жылқысы туралы айтылатын әңгіме де, сыр мен тарихи эпизодтар да жеткілікті. Оның бәрі бір мақала көтеретін жүк емес. Осы орайда бейбіт күнде адал еңбекке араласып, ел басына күн туған алапаттан тыс қалмай соғысқа аттанған, бүгінде тәуелсіз елдің даңқын алысқа асырған адай жылқыларына арнап ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіп, жоқты түгендейтін іргелі істерді қолға алу қажет-ақ. 2013 жылы «Өзен-Түрікменстан теміржол құрылысы аяқталып, кең көлемде ашылу салтанаты өтті де, осы шараға қатысушылар легімен түрікмен шекарасынан әрі асқанымыз бар. Ұлттық брендiне айналған кiлемдерiн бiрнеше шақырым жерге дейiн тұтас жайып, аяғымызды жерге тигiзбеген ағайындардың ұлттық құндылықтарға берiктiгiне тәнті болған едiк. Ұзыннан-ұзақ шұбалған көрме-жәрмеңкелерінде әйгiлi ақалтеке жылқысының суретi бейнеленiп, тарихы жазылған танымдық кiтапшалар, жарнамалық буклеттер мен дискiлерден көз сүрiнедi. «Тұқымы ел асып кетпесiн» деп асыл тектi жылқысының бiр құлынын да жатқа бермейтiн, берсе де тұқымы жайылмайтындай етiп ақтап ұстататын ата дәстүрлерiне адал түрiкмендер айтулы жылқылары мен кiлемдерiн алдына ұстап, өздерiн осы мұраларымен бiрге танытып келедi. Бiздiң қымыз, шұбат, қазы-қарты, қазақы төбет, тазы, қазақтың киiз үйi мен күй-жыры сынды мәденирухани мұраларымыздың қатарында адай жылқысы да ұлықтауға молынан тұратын байлығымыз. Бiрақ, iркiлiп келемiз. Себебi, жайбасарлығымыз ба, салғырттығымыз ба, әлде... жылқының белгiлi бiр рудың атын иемденуi трайбалистiк тосқауылға тiредi ме? Бiрақ, адай жылқылары рудың емес, Қазақ елiнiң Көк байрағын жамылып, елiмiздiң атын аспандатып жүр емес пе? Соғысқа алынып, кеңес әскерi сапында шайқасқанда «кеңес» деп аталсын демеген едi ешкiм... Ұлты, дiнi, тегi, Отаны басқа легионер спортшыларға аста-төк мейiрiмдiлiгiмiз өз жылқымызға келгенде таусылып қалатыны бар. Осы тоң жоғарыда аталған мерекелер аясында жiбiп, барымызды бағалай бiлуге бастама болса деймiз.

Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ